

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 780  
Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 1123 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 681 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681 Жарлығымен.**

Қазақстан Республикасының Президенті  
мен Үкіметі актілерінің жинағында  
жариялануға тиіс

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Республикалық бюджет комиссиясы туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 780 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 18, 155-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Республикалық бюджет комиссиясы туралы ережеде:

4-тармақтың 1) тармақшасындағы "дамуы мен бюджеттік параметрлерінің" деген сөздер "дамуының" деген сөзбен ауыстырылсын;

5-тармақта:

1) тармақшаның екінші және сегізінші абзацтары алып тасталсын;

2) тармақшада:

екінші абзацтағы "дамуы мен бюджеттік параметрлерінің болжамдары" деген сөздер "дамуының болжамы" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"стратегиялық жоспарлар жобаларымен немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындылары негізінде стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларымен өзара байланыста жоспарлы кезеңге арналған бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалары";

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"орталық мемлекеттік органдар өтінімдерінің тізбесіне сәйкес байланысты гранттарды тартудың орындылығы";

он екінші абзацтағы "секвестрлеу" деген сөз "нақтылау, секвестрлеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

он төртінші абзац алып тасталсын;

он бесінші абзацтағы "бойынша ұсыныстарды тұжырымдайды" деген сөздер алып тасталып, мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"есепті қаржы жылында Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке аударылмаған кепілдік берілген трансферт сомасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің бюджетті түзету арқылы тиісті бюджеттік бағдарламалар бойынша төленбеген тіркелген міндеттемелер сомасынан аспайтын көлемде өткен қаржы жылындағы республикалық бюджетте бекітілген бюджеттік даму бағдарламаларын қаржыландыру үшін ағымдағы қаржы жылында пайдалануы;

техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптама жүргізу үшін концессиялық жобаларды қаржыландыру;

концессиялық жобаларды консультативтік сүйемелдеу жөніндегі қызметтерді қаржыландыру көлемі;

концессиялық жобаларды бюджеттен қоса қаржыландыру бойынша ұсыныстарды тұжырымдайды;"

13, 14 және 17-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Комиссияның шешімдері комиссия мүшелерінің жай көпшілік дауысымен, сондай-ақ сауалдама жүргізу жолымен қабылданады және олар үшін комиссия мүшелерінің жалпы санының басым көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп саналады. Комиссия мүшелері шешімдер қабылдау кезінде тең дауысқа ие. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

14. Комиссия қабылдаған шешім комиссия төрағасы мен хатшысы қол қоятын және комиссияның барлық мүшелерінің ортақ пікірін білдіретін хаттамамен ресімделеді. Комиссия мүшелері қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда комиссия хаттамасына қоса тігілетін өзінің ерекше пікірін жазбаша түрде білдіруге құқылы."

"17. Комиссия отырыстарының арасындағы кезеңде оның қызметінің ұйымдық мәселелерін комиссияның жұмыс органы шешеді.

Комиссия отырысында қарау үшін жұмыс органы материалдарды отырыс өткізілетін күнге дейінгі екі жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді. Комиссия төрағасының шешімі бойынша жоспарланбаған отырыс өткізілетін жағдайда материалдар комиссия мүшелеріне тікелей отырыста ұсынылуы мүмкін."

18-тармақ "хаттамаларын дайындау," деген сөздерден кейін "комиссия мүшелеріне," деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Н. Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК